

## АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

### I. Кіріспе бөлік.

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** Сараптамалық-талдау іс-шараларын жүргізу және мәдениет саласындағы аудит объектілері қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит.

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:** Аудит объектісі қызметінің тиімділігіне және мәдениет саласына бөлінген бюджет қаржысын пайдалану барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына мемлекеттік аудит.

**1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:** «Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы» ММ-і, «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының жастар шығармашылығы орталығы» МКҚК-і, «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК-і, «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы» МКҚК-і.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2018 жылдың 1 қаңтары - 2020 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

### II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

#### 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

«Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Басқарма) Батыс Қазақстан облысында мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады. Басқарманың Ережесі Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 16 мамырдағы №109 қаулысымен бекітілген.

Басқарманың миссиясы: мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

Басқарманың негізгі мақсаттары: қазақ ұлттық және дүниежүзілік мәдениет байлықтарын, Қазақстан Республикасындағы басқа ұлттардың мәдениетін игеру, дамыту, азаматтарға эстетикалық және адамгершілік тәрбие беру; мәдениет және өнер саласында әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын, шаруашылық механизмін жетілдіру негізінде оларды іске асыру әдістерін белгілеу, көркемөнерді дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру; облысаралық мәдени байланыстарды дамыту, өнер мен мәдениет саласындағы қол жеткен табыстармен алмасу, облысты мекендейтін барлық ұлттардың мәдени дамуы жөнінде тиімді шаралар алу және оларды дамытуға көмектесу, Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қазақ мәдени орталықтарымен байланыс жасау; ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметтерін үйлестіру; мәдениет және өнер саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс мәселелерін іске асыру; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

Мәдениет - қоғамның маңызды сипаттамасы, оның негізі. Мәдениет адам мен қоғам өмірінің барлық салаларына енгендіктен, бұл оның әлеуметтік өзгерістердің мазмұны мен динамикасындағы маңыздылығын анықтайды. Мәдениет - елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы ғана емес, сонымен бірге қоғамның шоғырлану факторы. Мәдениет халықтың мәдени сәйкестігінің оң және сындарлы негізінде қоғамның топтасуын нақты қамтамасыз етеді. Осы ретте мемлекет мәдениетті дамытуға үлкен көңіл бөліп келеді. Елімізде мәдени және рухани құндылықтарды жасауға, жаңғыртуға, сақтауға, қорғауға, дамытуға, таратуға және пайдалануға бағытталған біршама ауқымды шаралар атқарылуда.

Бүгінгі күні мәдениет пен мәдени әлеуетті дамыту әлемнің көптеген халықтары мен мемлекеттерінің негізгі даму басымдықтарының қатарына жатады. Табысты мемлекеттің мәдени саясаты жасампаз құндылық бағдарларын қалыптастыру негізінде қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталады және қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық маңызды аспектілерін дамытудың сапалы өлшемі болып табылады.

Мәдениет саласындағы жетістіктер ведомстволардың, мәдениет мекемелерінің жұмыстарымен, статистиканың сандық көрсеткіштерімен және белгілі есімдердің болуымен ғана өлшенбейді. Бүгінгі күні мәдениет - бұл тұлғаның рухани-эстетикалық дамуының, жалпыұлттық бірлікті қалыптастырудың және елді әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастырудың қуатты құралы. Мұнда ұлттық-мәдени тамырлар, тарихи тәжірибе, үздік салт-дәстүрлер, сондай-ақ ұлттың өзінің ұлттық кодын сақтап қалу базалық тірек болып қалады.

Жалпы сала көрсеткіштері қарқынды өскенімен, мәдениет және өнер саласындағы мынадай негізгі проблемаларын бөліп көрсетуге болады: мәдениет ұйымдарының, әсіресе, ауылдағы мәдениет ұйымдарының желісін дамытуда сақталып келе жатқан теңсіздік; мемлекеттік-жекешелік әріптестікті енгізу тәжірибесінің әлсіз жандануы; ұлттық рухани құндылықтар мен бағдарларды жарқын көркемдік образдарда бейнелейтін заманауи өнер туындыларының жетіспеушілігі; музейлер мен музей-қорықтар ғылыми-зерттеу қызметін дамыту әлеуетін жеткілікті пайдаланбауы; мәдениет саласында меценаттық, демеушілік және волонтерлік институттар дамымағаны; мәдени сервистің дамытудың жүйелі тәсілін іске асыру жөніндегі практикалық қадамдар жеткілікті пысықталмағаны.

Өткен жыл күрделі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты мәдениет саласы үшін қиын жыл болды. Қиындықтарға қарамастан, барлық мәдениет ұйымдары жұмыс форматын тез және сапалы қайта құра алды. Ресми статистика мәліметтеріне сәйкес 2018-2020 жылдары облыс аумағын дамыту бағдарламасының негізгі көрсеткіштері:

кітапханаларға, театрларға, концерттік ұйымдарға және музейлерге 1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің орташа саны (Covid-ке сәйкес өзгерістермен) бойынша орындалды.

Статистика мәліметтері бойынша (<https://www.stat.gov.kz>): 2018 жылы облыс бойынша 381 кітапхана жұмыс істеді, 2019 жылы - 370, 2020 жылы - 366, соның ішінде әмбебап 2018 жылы - 378 бірлік, 2019 жылы - 367, 2020 жылы - 363, 2018-2020 жылдары ғылыми - 2 бірлік, арнайы – 1 бірлік. Кітапханалар қоры 6,8 млн. дана, оның ішінде кітаптар 5,7 млн. дананы құрады.

2018 жылы облыс бойынша клуб жұмысын 273 клуб типтес мекемелер жүзеге асырды, оның ішінде ауылдық жерлерде 241 бірлік; 2019 жылы - 266, оның ішінде ауылдық жерлерде 238 бірлік; 2020 жылы - 264, оның ішінде ауылдық жерлерде 233 бірлік. Клуб типтес мәдениет мекемелері клубтар (2018 жылы 51,3%, 2019 жылы 52,6%, 2020 жылы 52,3%) және мәдениет үйлерімен (2018 жылы 45,8%, 2019 жылы 46,2%, 2020 жылы 46,6%) көрсетілген. 2018-2020 жылдары 3 концерттік ұйым жұмыс істеп, 2018 жылы 433 іс шара өткізді, оның ішінде 420 өз аумағының шегінде; 2019 жылы - 453 іс шара өткізді, оның ішінде 374 өз аумағының шегінде; 2020 жылы өз аумағының шегінде 59 іс-шара өткізді.

2018 жылы облыс аумағында 8 мұражай, 2019-2020 жылдары 9 мұражай жұмыс істеді. Негізгі қордағы экспонаттардың жалпы саны 95,9 мың бірлікті құрады, оның ішінде жыл бойы 0,6 мың бірлік немесе 0,7% көрсетуге қойылды.

Облыс аумағында 2 драмалық театрлар жұмыс істейді. Театрлармен 2018 жылы 607 спектакль өткізілген, оның ішінде гастрольдік және өз қаласынан тыс жерлерге шығу көрсетілімдер 5,4% (33 спектакль) құрады. 2018 жылы 14 жаңа қойылым көрсетілді, көрермендер саны 96,4 мың адам құрады. Театрлармен 2019 жылы 629 спектакль өткізілген, 13 жаңа қойылым көрсетілді, көрермендер саны 93,2 мың адам құрады. Театрлармен 2020 жылы 206 спектакль өткізілген, 5 жаңа қойылым көрсетілді, көрермендер саны 21,4 мың адам құрады.

Облыс аумағында жұмыс істейтін ойын-сауық және демалыс саябағының жалпы саны 2018 жылы 4, ал 2019-2020 жылдары 5 бірлікті құрады. 2018 жылы саябақтармен 271, 2019 жылы 302, 2020 жылы 16 мәдени-көпшілік шаралары өткізілді.

2018-2019 жылдары кино көрсетуді жүзеге асыратын субъектілер саны 11 бірлікті құрады, оның ішінде 6 ауылдық жерде, 2020 жылы кино көрсетуді жүзеге асыратын субъектілер саны 10 бірлікті құрады, оның ішінде 5 ауылдық жерде. Мәдениет басқармасының мәліметі бойынша қазірге кезде мәдениет және өнер ұйымдарының желісі 679 ұйымдарды құрайды. Олардың 2 драма театрлар, 2 концерттік мекеме, 360 кітапхана, 258 клуб, 5 автоклуб, 5 кинотеатр (оның ішінде 3 жеке), 15 кинокондырғы, 24 музей (оның ішінде 2 жеке), 3 саябақ, 1 көрме залы, 3 орталық (Жастар шығармашылығы орталығы,

облыстық халық шығармашылығы орталығы, Қадыр Мырза Әлі атындағы өнер және мәдениет орталығы) және 1 мәдени-тарихи мұраларды қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция. Аудиторлық қорытындының жобасы осы аудиторлық іс-шара шеңберінде жүргізілген және жасалған аудиторлық есептердің сапасын бақылау нәтижелері ескеріле отырып жасалды.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері:**

Аудит объектілерімен мемлекеттік аудит нәтижесінде 23 610,8 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 12 121,8 мың теңге, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 11 489,0 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер саны 13 бірлікті құрады.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 7 477,7 мың теңгесі бюджетке өтелуге және 4 644,1 мың теңгесі есеп бойынша қалпына келтіруге жатады. Қазіргі кезде 5 574,6 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді, 4 644,1 мың теңге есеп бойынша қалпына келтірілді.

### **«Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы» ММ-сі**

Мәдениет басқармасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» 2003 жылғы 10 ақпандағы №145 Қаулысына сәйкес, бағынысты мемлекеттік кәсіпорындар үшін қызметтік жеңіл және арнайы автокөліктер санының нормативін, аппаратын орналастыруға арналған алаң нормаларын, телефон байланысын пайдалану үшін тиесілік нормаларын және кеңсе жиһазымен қамтамасыз етудің заттай нормасын Мәдениет басқармасы басшысының 2018 жылғы 3 тамыздағы №19-нқ, 2019 жылғы 21 қаңтардағы №6/1-нқ және 2020 жылғы 20 ақпандағы №12/1-нқ бұйрықтарымен бекіткен.

Жоғарыда аталған Қаулының 3) тармақшасының 1 тармағында мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік басқару органдары болып табылатын мемлекеттік органдарға мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне қызметтік іссапарлар кездегі тәулікақы мөлшері және тұрғын үйді жалдау жөніндегі шығыстардың лимиттерін бекіту көзделген. Алайда, осы лимиттер Мәдениет басқармасымен 2018-2020 жылдары бекітілмеген, ол лимиттер тек 2021 жылғы 8 ақпандағы №9/1-нқ бұйрықпен бекітілген.

**1-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру

мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» 2003 жылғы 10 ақпандағы №145 Қаулысының 3) тармақшасы 1 тармағы бұзылып, Мәдениет басқармасы өзіне бағынысты Кәсіпорындарының даму жоспарларын қарау және бекіту барысында 2018-2020 жылдары нормативтер бекітілмеу салдарынан мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне қызметтік іссапарлар кездегі тәулікақы мөлшері және тұрғын үйді жалдау жөніндегі шығыстардың лимиттері айқындалмаған.

«Облыстық халық шығармашылығы орталығы» МКҚК-ны Басқармаға бағынысты кәсіпорындардың бірі болып табылады (*әрі қарай - Орталық*). Орталық көптеген концерттік бағдарламаларды өткізумен; облыстық, республикалық, халықаралық конкурстар мен фестивальдерді ұйымдастырумен, ақындар айтысын өткізумен айналысады. Қазақстан халқының ұлттық музыка өнерін кеңінен насихаттаумен айналысып келеді.

Орталықтың 2019 жылға арналған мәдени-көпшілік шаралар жоспарына сәйкес «Burabay Summer Fest» балалар мен жасөспірімдер фестивалін өткізу жоспарланып, оған бюджеттен 11 489,3 мың теңге бөлінген. Алайда, Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігінің 2019 жылғы 7 маусымдағы №3549 хатына сәйкес аталған фестиваль өткізілмейтін болған.

Жоғарыда аталған Орталық директоры М.Жұбатов Басқарма басшысының атына 2019 жылғы 28 тамыздағы №493 хат жолдап, фестивальді өткізуге бөлінген қаржыны қызметтік автокөлік сатып алуға рұқсат сұрайды. Бұл ретте, Орталық 2 қызметтік автокөлікпен қамтамасыз етілгендігін айта кеткен жөн.

Басқарма 2019 жылғы 5 қыркүйек күні облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына №4-6/1923 хатын жолдап, Орталыққа қызметтік автокөлік сатып алу үшін 003 «Мәдени-демалыс жұмысын қолдау» бюджеттік бағдарламасынан 032 «Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасына 11 489,0 мың теңгені жылжытуға рұқсат беруін сұрайды. Аталған сұраныс облыстық бюджеттік комиссиясымен мақұлданып, облыстық мәслихат сессиясының шешіміне сәйкес аталған сома 003 бюджеттік бағдарламасынан 032 бюджеттік бағдарламасына жылжытылған. 2019 жылғы 25 желтоқсан күні Басқарма №2622013/19-1086 төлемге берілген шот арқылы, қызметтік автокөлік сатып алу үшін Орталықтың есеп шотына 11 489,0 мың теңгені аударып жібереді.

Алайда, Батыс Қазақстан облысы қаржы басқармасының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №31-н бұйрығына сәйкес, сатып алынған Kia Sportage қызметтік автокөлігі Орталық теңгерімінен Басқарма теңгеріміне берілген.

Өз кезегінде, Басқарма 2 қызметтік автокөлікпен (Toyota Camry және Skoda Superb B6) қамтамасыз етілгендігін айта кеткен жөн. Батыс Қазақстан облысы қаржы басқармасының 2020 жылғы 5 ақпандағы №49-н бұйрығына сәйкес, Skoda Superb B6 автокөлігі Басқарма теңгерімінен «Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония» МКҚК теңгеріміне берілген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің принциптері сақталмаған.

**2-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 9) және 12) тармақшаларында көзделген

негізділік және тиімділік принциптері сақталмаған, бұл ретте 11 489,0 мың теңгені құрайтын бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланып, пайдаланылған.

Техникалық персоналдың штаттық кестесі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1002 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтеріне» сәйкес жасакталуы тиіс. Алайда, 2018 жылға бекітілген техникалық персоналдың штаттық кестесі нормативке сәйкес келмейтіндігі анықталды. Атап айтқанда, 2018 жылға бекітілген техникалық персоналдың штаттық кестеге жылына алынған істер санының жеткіліксіздігіне қарамастан негізсіз архивариус 0,5 бірлік, жылдық еңбек ақы қоры 196,0 мың теңге; радио- және радиорелелі байланыс аппаратурасының жоқтығына қарамастан телефон байланысы және радиофикация желілік құрылыстары электромонтері 0,477 бірлік, жылдық еңбек ақы қоры 191,0 мың теңге; ғимараттың жалпы ауданы 1000 м<sup>2</sup> кем болуына қарамастан (нақты аумағы 414,2 м<sup>2</sup>) электр жабдығын жөндеу және оған қызмет көрсету жөніндегі электромонтер 0,37 бірлік, жылдық еңбек ақы қоры 148,0 мың теңге; слесарь-сантехник 0,2 бірлік, жылдық еңбек ақы қоры 80,0 мың теңге қосылған. Аталған бірліктердің жұмысын атқаруды қызметкерлерге басқарма басшысының бұйрықтарына сәйкес жүктелген, еңбек ақылары жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табелі және есептеу төлеу ведомості негізінде жүргізілген. Осылайша 2018 жылы салааралық нормативке сәйкес келмейтін техникалық персоналға еңбек ақы төлеуге барлығы 615,0 мың теңге көлемінде бюджет қаржысы жұмсалған. 2019, 2020 жылдарға бекітілген штаттық кестелерде аталған жұмыскерлер қарастырылмаған.

**3-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 67 бабы 12 тармағы сақталмай, Басқарма бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі ретінде бюджеттік өтінімдегі ақпарат пен есеп-қисаптардың толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етпеген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 1002 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерінің» 2-тараудың 1, 16, 19 кестелерін бұза отырып, 2018 жылы 615,0 мың теңге көлемінде бюджет қаржысы артық төленген.

Аудит кезеңінде 2018 жылы 20 наурыздағы №16-жкм, 8 маусымдағы №5-жкм, 5 шілдедегі №16-жкм, 25 желтоқсандағы №98-жкм бұйрықтарына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге сыйлықақы берілген, ал 4 қаңтардағы №2-жкм, 8 тамыздағы №31-жкм, 21 қыркүйектегі №47-жкм, 1 қазандағы №51-жкм бұйрықтарына сәйкес лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгіленген.

2019 жылы 19 қарашадағы №48-жкм, 26 желтоқсандағы №127-жкм бұйрықтарына сәйкес сыйлықақы, 8 қаңтардағы №1-жкм, 20 қарашадағы №113-жкм бұйрықтарына сәйкес лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгіленген.

2020 жылы 13 наурыздағы №15-жкм, 30 наурыздағы №76-жкм, 21 желтоқсандағы №80-жкм бұйрықтарына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге

сыйлықақы берілген, ал 12 ақпандағы №10-жжм, 17 ақпандағы №11-жжм, 12 наурыздағы №14-жжм, 18 наурыздағы №17-жжм, 18 наурыздағы №31-жжм, 20 қазандағы №60-жжм, 30 қазандағы №63-жжм бұйрықтарына сәйкес лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгіленген.

Алайда, қызметкерлерге сыйлықақы беру және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мекеменің дербес құрылымдық бөлімшелері басшыларының жазбаша ұсынуынсыз, мемлекеттік мекеме басшысының (не оны алмастыратын тұлғаның) бұйрығымен жүргізілгендігі анықталды. Лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу туралы бұйрықтар тек қызметтік жазбалар негізінде шығарылып отырған.

**4-тармақ.** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесінің» 9 тармағы бұзылып, 2018-2020 жылдары қызметкерлерге сыйлықақы беру және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мекеменің дербес құрылымдық бөлімшелері басшыларының жазбаша ұсынуынсыз, мемлекеттік мекеме басшысының (не оны алмастыратын тұлғаның) бұйрығымен жүргізілген.

2018 жылғы 19 наурыздағы №20-эм бұйрығына сәйкес, Басқарма басшысы К.Мусағалиев және көлік жүргізушісі М.Абдрахманов 2018 жылғы 20-21 наурыз аралығында Саратов облысы Красный Кут қаласында іссапарда болған. Сондай-ақ, 2018 жылғы 27 сәуірдегі №22-эм бұйрығына сәйкес Басқарма басшысы К.Мусағалиев 2018 жылғы 28-30 сәуір аралығында Астрахан облысы Володар ауданында іссапарда болған. Бұл ретте, К.Мусағалиевке іссапар шығындары 162 «Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігінен төленуінің орнына 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелігінен төленген.

**5-тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелерінің» (*әрі қарай - №403 бұйрық*) 2 қосымшасы бұзылып, іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығындары басқа ерекшеліктен төленген.

Сонымен қатар, №403 бұйрықтың 2 қосымшасында техникалық персоналды елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарларға шығындар қарастырылмасда, автокөлік жүргізушісі М.Абдрахманов 2018 жылғы 20-21 наурыз аралығында Саратов облысы Красный Кут қаласында іссапарға жолданып, оған 136 «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері» ерекшелігі бойынша 12,0 мың теңге көлемінде іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығындары төленген.

**6-тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелерінің» 2 қосымшасы бұзылып, бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасында қарастырылмаған шығыстарға бюджет қаржысы жұмсалған.

## **«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының жастар шығармашылығы» МКҚК-ні**

**7-тармақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларының» 5 тармағы сақталмай, даму жоспарының 5-, 6-қосымшалары толықтай толтырылмаған.

Кәсіпорынға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы №354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидалары» негізінде мемлекеттік бюджеттен субсидиялар бөлінеді.

Бюджеттен бөлінетін мемлекеттік субсидиялардың дұрыстығына аудит жүргізу барысында, Кәсіпорынмен бекітіліп, Басқармамен келісілген штаттық кестемен тарификациялық тізімдер салыстырылды. Еңбек ақы мөлшері жоғарыда аталған тарификациялық тізімге сәйкес есептеледі.

Салыстыру барысында, штаттық кестеде кейбір қызметкерлердің еңбек өтілін асырып жазу арқылы, жергілікті бюджеттен нақты төленетін еңбек ақы көлемінен артық қаржы бөлінгендігі анықталды.

Атап айтқанда, 2018 жылы 11 қызметкерге 939,9 мың теңге; 2019 жылы 11 қызметкерге 941,5 мың теңге; 2020 жылы 15 қызметкерге 2 193,2 мың теңге, барлығы 4 074,6 мың теңге. Бұл ретте, залалдарды жабу үшін Кәсіпорын Басқармаға ай сайын ұсынып отырған Қағиданың 4-қосымшасыдағы есептерге нақты қажетті қаржы көлемінен негізсіз артық көрсетіп отырған, Басқарма ұсынылған есепке сәйкес қаржыны аударып отырған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 9) тармақшасында негізділік принципі көзделген. Негізділік принципі – бюджет жобасына қандай да болсын түсімдерді немесе шығыстарды енгізу қажеттігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер және басқа да құжаттар негізінде бюджетті жоспарлау, сондай-ақ бюджет қаражаты мен мемлекеттік активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану. Бұл ретте, Басқармаға ұсынып отырған Қағиданың 4-қосымшасыдағы есептерде шығыстарды енгізу қажеттігі және олардың көлемдерінің негізділігі айқындалмаған.

**8-тармақ.** Кәсіпорын Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 9) тармақшасында көзделген негізділік принципін сақтамай, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы №354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларының» 2 тармағын бұза отырып, 2018-2020 жылдар аралығында

4 074,6 мың тенге көлемінде мемлекеттік субсидияны негізсіз алған. Аталған сома мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігіне тексеріс барысында кері өтелді.

**«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК-і**

**9-тармақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 1 параграфының 28 тармағы бұзылып, Кәсіпорынның даму жоспары Басқарманың 2019 жылғы 27 желтоқсан күнгі №61-нқ бұйрығына сәйкес нақтыланған, яғни жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың жиырма бесінші желтоқсанынан кешіктірілген.

**10-тармақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 4 қосымшасы бұзылып, Кәсіпорынның даму жоспарының орындалу есебі Аумақты дамыту бағдарламасында көзделген Басқарманың мақсаттарына қол жеткізуге жетелейтін сандық көрсеткіштер толтырылмаған.

**11-тармақ.** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларының» 2 тарауының 11, 12, 13 тармақтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 249 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларының» 4 тармағы бұзылып, қосымшалар толық толтырылмаған, 2017-2021 жылдарға арналған даму жоспары оларды әзірлеу талаптарына сай келмейді.

**12-тармақ.** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларының» 35 тармағы бұзылып, түгендеу карточкалары қолданылмаған, яғни негізгі қорлардың есебі талапқа сай жүргізілмеген.

**13-тармақ.** Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының

үлгілік жоспарының» 5 тарауының 26 тармағы бұзылып, құны 700,0 мың теңгені құрайтын ғимаратқа күрделі жөндеу өткізуге жобалық-сметалық құжаттама құрылыс жұмыстарының шығындары есептелетін 2930 «Аяқталмаған құрылыс» шотына жазылмай, 1330 «Тауарлар» шотына есепке қойылған.

**14-тармақ.** Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының» 21 тармағы бұзылып, құны 19,0 мың теңгені құрайтын Қазақстан Республикасы Президентінің портреті негізгі қор есебіне жатқызылмай, 1330 «Тауарлар» шотына есепке қойылған. Бұл өз кезегінде 2018-2021 жылдары қаржылық есептіліктің ауытқуына әкеліп соққан.

**15-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» № 234 Заңы 8 бабы 1 тармағының 1) тармақшасы бұзылып, Кәсіпорын басшылығымен есеп саясаты келісілмеген және (немесе) бекітілмеген.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚРЗ Заңының 39 бабы 3 тармағы 42) тармақшасы негізінде «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК-ны және «Роганов Юрий Николаевич» ЖК арасында 2018 жылғы 18 қыркүйектегі №126 келісімшарт жасалып, Ақпалар тарихи-өлкетану музейі үшін құны 94,9 мың теңгені құрайтын шаңсорғыш тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алынған.

Сондай-ақ, Кәсіпорын мен «Life-Green» ЖШС арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 бабы 3 тармағы 42) тармақшасы негізінде 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №174 келісімшарт жасалып, Кәсіпорын құны 205,0 мың теңгені құрайтын шаңсорғыш тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алынған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 бабы 3 тармағы 42) тармақшасына сәйкес егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға болады.

Алайда, 2018 жылы құны бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын біртекті тауарлар (шаңсорғыш) сатып алынған.

**16-тармақ.** Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚРЗ Заңының 39 бабы 3 тармағы 42) тармақшасы бұзылып, құны 299,9 мың теңгені құрайтын тауарды тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізген.

Кәсіпорын мен «САҒИДАН ГҮЛМАЙРА ЕРІКҚЫЗЫ» ЖК арасында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 бабы 3 тармағы 46) тармақшасы негізінде құны 425,0 мың теңгені құрайтын 2018 жылғы 17 қыркүйектегі №125 келісімшарт жасалған. Келісімшарттың мәні бұйымдарды жөндеу және

қалпына келтіру болып табылады. Сонымен қатар, келісімшарт мәні тура осындай болып табылатын Кәсіпорын мен «САҒИДАН ГҮЛМАЙРА ЕРІКҚЫЗЫ» ЖК арасында құны 350,0 мың теңгені құрайтын 2018 жылғы 17 қыркүйектегі №124 келісімшарт жасалған.

Алайда, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39 бабы 3 тармағы 46) тармақшасына сәйкес, мәдениет ұйымының, мәдениет саласындағы білім беру ұйымының, телерадио хабарларын тарату ұйымының өнер туындыларын сахнада көрсетуді, көпшілік алдында орындау мен көрсетуді және мәдени құндылықтарды көрсетуді жүзеге асыру үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға рұқса етіледі.

**17-тармақ.** Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚРЗ Заңының 39 бабы 3 тармағы 46) тармақшасы бұзылып, құны 775,0 мың теңгені құрайтын қызметтерді тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізген.

**«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы» МКҚК-ні.**

**18-тармақ.** Аудит кезеңінде қойылатын концерттер мен көрермендердің саны бойынша көрсеткіштердің орындалып жатқанына қарамастан, концерттерге сатылған билеттерден түсетін қаржының жоспары орындалмай жатыр. Талдау көрсеткендей, Кәсіпорын басшылығы ақылы қызметтерден табыс табу бағытындағы жұмыстарды мардымсыз жүргізіп отыр, бұл өз кезегінде Кәсіпорын қызметіндегі кемшілік болып табылады.

Кәсіпорынға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы №354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидалары» негізінде мемлекеттік бюджеттен субсидиялар бөлінеді.

Бюджеттен бөлінетін мемлекеттік субсидиялардың дұрыстығына аудит жүргізу барысында, Кәсіпорын кейбір автокөліктері жүруге жарамсыз екендігіне қарамастан, жүргізушілерге еңбек ақы төлеу, оларға жанар-жағар май сатып алу үшін жәнетардәробшыға еңбек ақы маусымға төлеуге қажет екендігін ескермей, толық жылға бюджеттік субсидия алып отырған.

**19-тармақ.** Кәсіпорын шығындарының субсидиялау мөлшерін есептеу барысында Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 9) тармақшасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларының» 2 тармағы бұзылып, 2018-2020 жылдары Кәсіпорын 2 788,1 мың теңге көлемінде негізсіз бюджеттік субсидиялар алған (соның ішінде 2018 жылы – 645,4 мың теңге, 2019 жылы – 1 197,4 мың теңге, 2020 жылы – 945,3 мың теңге).

2018 жылғы 12 наурыз күні «РекКом» ЖШС-мен №18 келісімшарт жасалып, сахнаны декорациялау мақсатында, құны 736,4 мың теңгені құрайтын баннерлер, кеме палубасы, баспалдақ жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2018 жылғы 27 тамыз күні «ALFA» ЖК-мен №174 келісімшарт жасалып, құны 300,0 мың теңгені құрайтын полиграфия өнімдері жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2018 жылғы 23 қазан күні «ALFA» ЖК-мен №186 келісімшарт жасалып, құны 295,8 мың теңгені құрайтын полиграфия өнімдері жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2018 жылғы 4 желтоқсан күні «ALFA» ЖК-мен келісімшарт жасалып, құны 294,0 мың теңгені құрайтын баннерлер жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2019 жылғы 11 наурыз күні «ALFA» ЖК-мен келісімшарт жасалып, құны 730,0 мың теңгені құрайтын баннерлер және тағы басқа полиграфия өнімдері жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2019 жылғы 11 сәуір күні «ALFA» ЖК-мен келісімшарт жасалып, құны 292,5 мың теңгені құрайтын полиграфия өнімдері жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2019 жылғы 19 желтоқсан күні «АйТиСити» ЖШС-мен №196 келісімшарт жасалып, құны 302,0 мың теңгені құрайтын полиграфия өнімдері жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2019 жылы 1С бағдарламасын қондыру және лицензия үшін төленген 328,8 мың теңге 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2020 жылғы 24 тамыз күні «TORUS.KZ» ЖШС-мен келісімшарт жасалып, құны 430,0 мың теңгені құрайтын полиграфия өнімдері жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған;

2020 жылғы 9 қыркүйек күні «ALFA» ЖК-мен келісімшарт жасалып, құны 215,6 мың теңгені құрайтын полиграфия өнімдері жасатылған. Алайда, бұл қаржы 7110 шотына, бірден шығыстарға жазылған.

**20-тармақ.** 2018-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығымен бекітілген «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының» 1 және 2 бөлімінің 4 және 5 тараулары бұзылып, жалпы құны 3 925,1 мың теңгені құрайтын материалдық емес активтер, шикізаттар мен материалдар актив ретінде есепке алынбай, бірден шығындарға шығарылған.

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе):**

Мәдениет адамға интеллектуалды, рухани, адамгершілік, шығармашылық тұлға болуға мүмкіндік береді. Мәдениет адамның ішкі әлемін қалыптастырады, оның жеке басының мазмұнын ашады. «Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы» ММ-сі облыста мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болғандықтан, оның қызметінің нәтижелері мәдениет саласына және өңірге өз әсерін тигізеді.

Басқарманың жетекшілігімен әртүрлі деңгейдегі іс-шаралар - театр қойылымдары, көрсетілімдер, көрмелер, шығармашылық конкурстар, фестивальдар, ғылыми-конференциялар, шеберлік сыныптар, акциялар және т.б. шаралар өткізілуде. Елдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, іс-шаралардың көпшілігі онлайн форматта ұйымдастырылып, интернет желісінде барлығына қолжетімді болды. Іс-шаралардың тұжырымдамалық күн тәртібі идеологиялық және ағартушылық мазмұнға толы және сапалы іс-шараларды өткізуге негізделген. Жергілікті маңызы бар тарихи-мұра объектілерін насихаттау бойынша кітаптар, энциклопедиялар басып шығарылуда, видеороликтер, телебағдарламалар және деректі фильмдер жарық көруде. Жетекші музей-қорықтарының аумағында көрмелер, визит-орталықтардың құрылысы мен оларды музейлендіру жұмыстары жүргізілуде. Саланың инфрақұрылымын жақсарту бойынша Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде мәдениет саласында әртүрлі жобаларды іске асыру қамтамасыз етілуде. Кітапханаларда кітап басылымдарын цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жалғасуда. Жалпы алғанда осы шаралар салаға және өмірге оң әсерін беруде. Сонымен бірге, мәдениет - бұл сезіну қиын құбылыс, оны қиын болса да түсінуге болады, бірақ оның қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін өлшеу одан да қиын екенін ескеру қажет. Қазіргі кезде осы бағыттағы зерттеулерді әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, экономистер, тарихшылар және басқа пәндердің өкілдері жүргізуде.

### **III. Қорытынды бөлік.**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

Мемлекеттік аудит барысында және тексеру комиссиясының отырысы өткізілгенге дейін аудит объектілерімен 4 644,1 мың теңге есеп бойынша қалпына келтірілді, 5 574,6 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V ҚРЗ «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5 бабы 2 тармағы 3) тармақшасына сәйкес:

- «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК-да жүргізілген аудит барысында бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу бұзушылықтарының анықталуына байланысты аудит объектісі лауазымды тұлғасының әкімшілік жауапкершілігін қарастыру үшін Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаментіне материалдар жолданды (2021 жылғы 2 маусымдағы №8-10/505 шығыс хат);

- «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы» МКҚК-да жүргізілген аудит барысында бухгалтерлік есеп бұзушылықтарының анықталуына байланысты аудит объектісі лауазымды тұлғасының әкімшілік жауапкершілігін қарастыру үшін Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне материалдар жолданды (2021 жылғы 29 маусымдағы №8-10/562 шығыс хат).

#### **3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:**

Мемлекеттік аудит қорытындылары бюджет қаражатын жоспарлау және

пайдалану кезінде, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдармен (мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындармен) өзара іс-қимыл жасау барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшісі тарапынан мониторинг пен бақылаудың тиісті деңгейде емес екендігін куәландырады және әкімшілендірудің төмен деңгейін сипаттайды.

Сонымен қатар, аудиторлық іс-шара барысында орын алған бұзушылықтар себебінің бірі Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларында» субсидияларды төлеу тәртібінде құқықтық реттеудегі олқылықтар (кемшіліктер) бар екені анықталды. Атап айтқанда, мемлекеттік театрлар, концерттік ұйымдар, мәдени-демалыс ұйымдары, музейлер және цирктер бюджеттік субсидиялар алу үшін бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ай сайын нақты жасалған шығындар есебін емес, алдағы айдың залалдарын жабу есептерін береді. Бұл ретте, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұйымдардың нақты жасалған шығындар сомаларына толық бақылауды жүргізе алмайды, сәйкесінше оларға қажетті бюджеттік субсидиялардың нақты мөлшерін анықтай алмайды. Осыған байланысты, жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актіге тиісті өзгерістер енгізу қажет екенін атап өтеміз.

Өз кезегінде, Басқармаға бағынысты кәсіпорындар бюджеттік субсидияларды алу үшін есептерді ұсыну барысында олардың дұрыстығына көңіл бөлмеген.

Осы факторлар 12 121,8 мың теңгені құрайтын қаржылық бұзушылықтарға, 11 489,0 мың теңгеге бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына, сондай-ақ саны 13 бірлікті құрайтын рәсімдік бұзушылықтар мен кемшіліктердің жол берілуіне алып келді. Аудиторлық іс-шарамен камтылған қаражат көлемі 5 813 132,0 мың теңгені құрады.

Басқармаға бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлеріне қызметтік іссапарлар кездегі тәулікақы мөлшері және тұрғын үйді жалдау жөніндегі шығыстардың лимиттері бекітілмегендігі; Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінде көзделген негізділік және тиімділік принциптерін сақталмағандығы; «Мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыскерлер санының бірыңғай салааралық нормативтерін» бұзу салдарынан бюджет қаржысы негізсіз төленгендігі; аудит кезеңінде қызметкерлерге сыйлықақы беру және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу мекеменің дербес құрылымдық бөлімшелері басшыларының жазбаша ұсынуынсыз, мемлекеттік мекеме басшысының (не оны алмастыратын тұлғаның) бұйрығымен жүргізілгендігі; іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығындары басқа ерекшеліктен төленгендігі; бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасында қарастырылмаған шығыстарға бюджет қаржысы жұмсалғандығы, бюджет қаражатын жоспарлау және пайдалану барысында аудит объектісі тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді. Сонымен қатар басқармаға бағынысты «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет

басқармасының жастар шығармашылығы» МКҚК-да кәсіпорынның даму жоспарында көрсеткіштер мен басқа да мәліметтер толықтай толтырылмағандығы; бюджеттік субсидияны алу кезінде бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының *«Тиімділік – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы»* базалық көрсеткіші. «Батыс Қазақстан облысында мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттын жүзеге асырылуы» арнайы көрсеткіші бойынша: Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы өз қызметін Ережесінде көзделген міндеттермен функцияларға сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы аясында жүзеге асырып келеді. Тұтастай алғанда, облысымызда мәдениет саласының әлеуеті мейлінше жоғары деңгейде, мұны саланың жекелеген көрсеткіштерінің қарқынды дамуы және мәдени қызметтерді тұтынудың тұрақты өсу серпіні айғақтап отыр. Мәдениет ұйымдарының қызметін қолдау және үйлестіру нәтижесінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді. Жалпы, аудит кезеңінде Батыс Қазақстан облысының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша міндеттер мен жүктелген функцияларды орындау бөлігінде мемлекеттік органның қызметі тиімді екендігін көрсетеді.

Аудит бағдарламасының *«Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы»* базалық көрсеткіші. «Мемлекеттік мекеменің бюджеттік бағдармаларының тікелей және түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуі» арнайы көрсеткіші бойынша: аудит барысында 2018 жылы жеті бюджеттік бағдарлама, 2019 жылы алты бюджеттік бағдарлама және 2020 жылы алты бюджеттік бағдарламалар тексерілді. Олардың барлығынында тікелей және түпкілікті көрсеткіштеріне қол жеткізілген. Алайда, 2018-2020 жылдары үш жыл қатарымен 007 «Театр және музыка өнерін қолдау» бюджеттік бағдарламасының тікелей нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілмегендігін атап өтеміз.

*«Мәнділік»* (қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген жалпы сомасы көлемінен анықталған бұзушылықтар сомасының пайызы, 5%-дан астамы мәнді деп танылады) базалық көрсеткіші. Аудит барысында жекелеген заңнама талаптары бұзылғандығы анықталды, бұл ретте анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды және Басқарма қызметіне айтарлықтай әсерін тигізбеді. Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, Батыс Қазақстан облысы мәдениет басқармасының аудит кезеңіндегі қызметінің тиімділігі орташа деңгейде екендігін көрсетеді.

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар қызметі тиімділік және мәнділік базалық көрсеткіштермен бағаланды. «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК-да кәсіпорынның даму жоспарын бекітуші орган белгіленген мерзімде бекітпегені; даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепте көрсеткіштер мен басқа да мәліметтер толықтай

толтырылмағандығы (негізгі және түпкілікті көрсеткіштер); даму жоспары оларды әзірлеу қағидаларының талаптарына сәйкес келмейтіндігі; негізгі құралдарды есепке алу тиісті түрде жүргізілмегендігі (түгендеу карточкалары қолданылмаған); жекелеген материалдар мен активтер тиісті бухгалтерлік шоттарға дұрыс жатқызылмағандығы; кәсіпорын басшылығы есеп саясатын бекітпегендігі, сонымен қатар мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің бұзушылықтары анықталды. Аудит объектісінің тиімділігін бағалау мүмкін емес болды, өйткені аудиттелетін кезеңде кәсіпорынның даму жоспарында және оның орындалуы туралы есепте мақсаттар, міндеттер, сандық өлшенетін тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсетілмеген. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды және музей қызметіне айтарлықтай әсерін тигізбеді. Жалпы мемлекеттік сатып алудың негізгі үлесі бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде белгілі бір заңбұзушылық тәуекелдеріне әкеп соғуға ықтимал етеді. Нәтижесінде бұл мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың негізгі қағидаттарының бірі, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаржыны оңтайлы және тиімді жұмсаудың сақталмауына алып келеді. Аудит нәтижесі кәсіпорынның даму жоспарын әзірлеу және орындау, музей басшылығы тарапынан да, уәкілетті орган тарапынан да тиісті назарды және бақылауды қажеттілік ететінін көрсетті. Себебі даму жоспары мемлекеттік кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Көп жылдар бойы облыстық музей үшін жаңа ғимарат салу қажеттілігі туралы мәселе өткір қойылып келеді (музей ғимараты ескі, музейге арналмаған). Себебі музейлерге қойылатын қазіргі заманғы талаптар өзгерді, музей ғылыми қызметтен басқа, демалыс орталығы болып табылады. Мәдени көпшілік іс-шараларды өткізу де біршама қиындықтар туғызады, өйткені арнайы көрме және конференц залдар жоқ. Бұл ретте, бүгінгі таңда облыстық музей үшін жаңа ғимараттың қажеттілігі ең өзекті мәселе болып табылады.

«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы» МКҚК-да жекелеген материалдар мен активтер тиісті бухгалтерлік шоттарға дұрыс жатқызылмағандығы; бюджеттік субсидияны алу кезінде бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды. Жалпы алғанда, мақсаттар мен міндеттер толық орындалды, түпкілікті нәтижеге (көрермендер саны бойынша) қол жеткізілді, алайда ақылы қызметтер бойынша жоспарлы көрсеткіш орындалмаған. Яғни, ақылы қызметтерден түсетін түсімдерді орындау бойынша жұмысты кәсіпорын басшылығы тиісті деңгейде жүргізбейді. Жүргізілген аудит қорытындылары кәсіпорынның шығыстары бекітілген мақсаттарға, міндеттерге, функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес келетінін көрсетті. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды және музей қызметіне айтарлықтай әсерін тигізбеді. Көрсетілетін ақылы қызметтер қалыптасқан шығыстарды жабуды қамтамасыз етпейтінін, өткізілетін концерттік іс-шаралардан қаражат түсімінің өте төмен екенін атап өткен жөн. Қолданыстағы концерт залының сыйымдылығы төмен болғандықтан, шектеу карантиндік шараларының енгізілуіне байланысты ақылы қызметтер бойынша түсімдердің айтарлықтай

төмендегені байқалады. Сондай-ақ, өткізілген іс-шаралар негізінен қала көшелерінде өткізілгендіктен бұқаралық іс-шаралар болып табылады, бұндай шаралар табыс әкелмейді.

Жалпы алғанда, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар даму жоспарларды және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қалыптастыру мен толтыру кезінде кемшіліктерге жол берген, мемлекеттік театрлар, мәдени-демалыс және концерттік ұйымдармен өз кірістерін ұлғайту жөніндегі жұмысқа жеткілікті көңіл бөлмеген. Бұл ретте, Басқарма бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде ведомстволық бағынысты ұйымдармен тиісті деңгейде өзара іс-қимыл жасауға және олардың қаржылық-шаруашылық қызметіне назар аударуы қажет.

### **3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:**

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында «Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы» ММ-де, «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының жастар шығармашылығы» МКҚК-да, «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі» МКҚК-да, «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мәдениет басқармасының Г.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы» МКҚК-да жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын;

2. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында және тексеру комиссиясы отырысына дейін 4 644,1 мың теңгенің есеп бойынша қалпына келтірілгендігі және 5 574,6 мың теңгенін мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігіне өтелгендігі ескерілсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық уәкілетті органдарына мәдениет саласында қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсынымдар жолдансын

**3.4. Қосымша:** мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 5 парақта, аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат жөніндегі ақпарат 1 парақта.

Батыс Қазақстан облысы бойынша  
Тексеру комиссиясының мүшесі

К.С. Алпысбаев

№3 мемлекеттік аудит бөлімінің  
басшысы-мемлекеттік аудиторы

Е.Ж. Гумаров

Сапаны бақылау және құқықтық  
қамтамасыз ету бөлімінің басшысы

Ж.Ж.Кадыров

Бас инспектор-заңгер

Д.С.Ерманов